



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№17 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Коллекциялық монеталарды айналысқа шығару туралы

2019 жылғы 21 мамыр

Алматы қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2019 жылғы 21 мамырда номиналы 50 000 және 500 теңгелік алтыннан, номиналы 500 теңгелік күмістен «Еуразиялық экономикалық одақ. 5 жыл» коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады.



Бұл монеталар Еуразиялық экономикалық одақтың бес жылдығына арналады.

Монеталардың бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген. Монеталарды айналдыра оларға сәйкес келетін номиналдар, «QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY» және «REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» деген жазбалар, монеталар дайындалған металды, олардың сынамы мен массасын білдіретін жазбалар орналасқан.

Монеталардың сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде Еуразиялық экономикалық одақтың ресми эмблемасы және соғылған жылын білдіретін «2019» деген сан бейнеленген. Эмблема айналасында интерференциялық түрлі түсті бейнелеу және түсті бояу технологиясын қолдана отырып орындалған таспалы ою-өрнектерден және Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдердің мемлекеттік туларынан композиция орналасқан. Монетаның жоғарғы бөлігінде – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тауар белгісі (логотипі). Монетаны айналдыра «EYRAZIALYQ EKONOMIKALYQ ODAQ. 5 JYL» және «ЕВРАЗИЙСКИЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СОЮЗ. 5 ЛЕТ» деген жазбалар бар.

Монеталар:

- 999 сынамды алтыннан, номиналы 50 000 теңгелік, массасы 1 кг, диаметрі 100 мм, таралымы 20 (жиырма) дана;

- 999 сынамды алтыннан, номиналы 500 теңгелік, массасы 31,1 грамм, диаметрі 32 мм, таралымы 500 (бес жүз) дана;

- 925 сынамды күмістен, номиналы 500 теңгелік, массасы 31,1 грамм, диаметрі 38,61 мм, таралымы 1500 (бір мың бес жүз) дана дайындалған.

Коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ банк шоттарына есептеу және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Коллекциялық монеталарды «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған, кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 2 788 121

E-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz